

ҒТАХР: 21.82.14

<https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>

<https://orcid.org/0000-0003-0770-4137>

<sup>1</sup>Агабеков О.М.\*, <sup>2</sup>Тураева Б.

<sup>1</sup>2-курс докторанты, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>2</sup>филолог.ғ.к., доцент, М.Ұлықбек атындағы ӨзбҰУ., Ташкент, Өзбекстан

**ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ТАҢБАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР,  
ПИКТОГРАФИЯДАҒЫ ТОПОНИМИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕР –  
ҚАРАТАУ ӨңІРІ БОЙЫНША**

\*Автор-корреспондент: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

**Түйін:** Тіл - адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. Адамзат тіл арқылы табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстарға атау береді. Ұлттық таным мен ұлт тілінің бірлігі, байланысы осы арада тоғысады. Әрбір ұлт өкілдерінің парасат-пайымы, білім деңгейі, көзқарасы мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы, болмысты тануы, игеруі тілде бейнеледі, тілде сақталады. Ата-бабадан мирасқа қалған ана тілі - адамдар арасындағы қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар көнеден келе жатқан тарихи танымды жеткізуші қызметін де атқарады. Тілсіз рухани мәдениет те биікке жете алмайды, халықтың рухани күші - тілде. Тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес. Өйткені «Өнер алды - тіл». Демек, дүниенің кілті - тілде. Тілдің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы сатылы дамиды. Яғни, ата-баба білігі балаға тіл арқылы дамып, болмыстың қасиеті мен белгілері терең таныла түседі. Тілде ертедегі танымның ізі, ел жасаған парасат пен кісіліктің пайымы жатыр.

**Кілт сөздер:** жазба, таңба, тіл, грамматика, әдебиет, фонетика, транскрипт, транслитерация, аударма

МРНТИ:21.82.14

<https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>

<https://orcid.org/0000-0003-0770-4137>

<sup>1</sup>Агабеков О.М.\*, <sup>2</sup>Тураева Б.

<sup>1</sup>докторант 2-курса. ЮКЗУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
<sup>2</sup>к.филолог.н., доцент. НУУЗб., им. М.Улугбека, Ташкент, Узбекистан

**ЗНАКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ НА ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ,  
ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ЗНАКИ НА ПИКТОГРАФИИ –  
ПО КАРАТАУСКОМУ РЕГИОНУ**

\*Автор-корреспондент: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

**Аннотация:** Язык-понятийный признак мирового образа, бытия, признанный в сознании человека. Человечество через язык дает название всем вещам и явлениям в природе. Между тем, Национальное познание и единство, связь языка нации переплетаются. Рассудок, уровень знаний, мировоззрение и менталитет, собственное мировоззрение, познание, овладение сущностью представителей каждой нации отражены в языке, сохраняются в языке. Родной язык, оставшийся от предков к Мирасу, является не только средством общения между людьми, но и носителем древнего исторического познания. Без языка духовная культура не может достичь высот, духовная сила народа - на языке. Дух народа с недоразвитым языком тоже не собирается развиваться. Потому что «получил искусство - язык. Следовательно, ключ к миру - это язык. Через развитие языка развивается мировоззрение человека. То есть наследственный вал развивается у ребенка через язык, и свойства и признаки бытия становятся глубоко узнаваемыми. В языке лежат следы раннего познания, рассуждения о здравомыслии и человечности страны.

**Ключевые слова:** письмо, символ, язык, грамматика, литература, фонетика, транскрипт,

транслитерация, перевод

IRSTI: 21.82.14

<https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>

<https://orcid.org/0000-0003-0770-4137>

<sup>1</sup>Agabekov O.M.\*, <sup>2</sup>Turayeva B.

<sup>1</sup>2nd year doctoral student, M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>Doctor of Philology, Associate Professor, M.Ulugbek UzbNU, Tashkent, Uzbekistan

## ICONIC FEATURES ON WRITTEN MONUMENTS, TOPONYMIC SIGNS ON PICTOGRAPHS-FOR THE KARATAU REGION

\*Correspondent author: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

**Abstract:** Language is a conceptual sign of the world image, existence, recognized in human consciousness. Humanity, through language, gives a name to all things and phenomena in nature. Meanwhile, National knowledge and unity, the connection of the language of the nation are intertwined. The reason, the level of knowledge, the worldview and mentality, their own worldview, cognition, mastery of the essence of the representatives of each nation are reflected in the language, preserved in the language. The native language, left over from the ancestors of the Miras, is not only a means of communication between people, but also a carrier of ancient historical knowledge. Without language, spiritual culture cannot reach heights, the spiritual power of the people is in language. The spirit of a people with an underdeveloped language is also not going to develop. Because "I got art – language." Therefore, the key to peace is language. Through the development of language, a person's worldview develops. That is, the hereditary shaft develops in a child through language, and the properties and signs of being become deeply recognizable. The language contains traces of early knowledge, reasoning about the sanity and humanity of the country.

**Key words:** writing, symbol, language, grammar, literature, phonetics, transcript, transliteration, translation

### Кіріспе

Жазу-сызудың жалпы адамзат тарихындағы қалыптасуы, филогенездік дамуы өте көне замандардан бүгінгі күндерге дейін ұзақ ғасырларды басынан өткеріп, талай өзгерістерге ұшырап, түрленіп жеткені мәлім. Ал кез келген жазу өз қызметін белгілі бір ұйымдасқан жүйе арқылы жүзеге асыратыны даусыз. Олай болса, байырғы қазақ қоғамында араб жазуының қазақ сөздерін таңбалауда өзіндік жүйесі болды, сондықтан ол ұзақ ғасыр қолданыста болып, белгілі бір жұртшылықтың рухани, мәдени, саяси қажетін өтеді. Мәдени құндылықтарды, рухани байлықтарды осы дәуірге жеткізген жазба жәдігерлердің бірқатары XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазулы жазбалары (құжаттар, хан-би жарлықтары, ресми қатынас қағаздары, жеке тұлғалардың бір-бірімен жазысқан хаттары) болып табылады. XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазулы үлгілер өз заманының сұранысы мен қажетін іс жүзінде өтеп, қоғамға қызмет еткені даусыз. Сондай-ақ алғашқы мерзімді басылымдар, атап айтқанда, Дала уалаяты мен Түркістан уалаяты газеттері және 1905 жылғы төңкерістен кейінгі қазақ даласында шыққан баспа өнімдері де араб жазуымен халыққа тарап отырғаны мәлім. Ал бұдан кейінгі XX ғ. бас кезеңінде араб жазуын қолдану я болмаса өзгерту, ұлттық әліпбидің төл дыбыстарға сәйкес болуы тәрізді аса маңызды мәселелер зиялы қауым назарынан тыс қалған емес. Ұлттық жазуды жетілдіру, оны қарым-қатынастың сындарлы құралына айналдыру қазақ тіл білімінде бүгінгі таңда да аса өзекті мәселенің бірі болып отыр. Зерттеу жұмысының өзектілігі де, міне, осымен байланысты.

Мақаланың зерттеу мақсатында - ескі қазақ жазба тілі пайдаланған араб жазуының құрылымдық жүйесін талдау елегінен өткізіп, теориялық тұрғыдан тиянақтау зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады. XVIII-XIX ғ.ғ. жазбалар пайдаланған

жазба тіл орта азиялық түркі жазу дәстүрін сақтағанымен де жалпыхалықтық сөйлеу тіліне бейімделе бастаған кезеңге жатады және XIX ғ. бастап бұл ерекшелік басым түсе бастағаны мәлім. Осымен байланысты қазақ жазбалары пайдаланған араб әліпбиінің қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес келетін-келмейтінін, халық тілінің дыбыстық жүйесін араб әліпбиі қаншалықты дәрежеде бейнелей алатынын, атап айтқанда, вокализм жүйесінің қандай тәсіл арқылы берілетінін, консонанттар жүйесінің таңбалану ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеудің міндеттерінде: - таңбалық мағынаның жазба ескерткіштердегі топонимиялық белгілерінде араб әліпбиі және лексикасының ену арналарын айқындау; - қазақ жазбаларындағы араб тілінен енген сөздердің топонимиялық таңбалану ерекшелігін көрсету;

Зерттеу әдістері: Зерттеу барысында сипаттау, компонентті талдау, құрылымдық-семантикалық, салыстырмалы-тарихи, статистикалық, лексикографиялық сипаттау, синхрондық сипаттау әдістері қолданылды. Жаңадан жасалған терминдерді анықтауда ғылыми зерттеулер, оқулықтар, баспасөз құралдарына шолу жасалды.

Деректанулық талдау. Жалпы біз сөз етіп отырған ескерткіштер тілінің лексикалық, грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық құрылысын зерттеп, талдаған отандық ғалымдарымыздан Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Ә.Құрышжанов, Т.Қордабаев, С.Исаев, Е.Жанпейісов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, сондай-ақ С.М.Малов, Б.А.Серебренников, А.Н.Кононов, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, А.Н.Самойлович, Н.А.Баскаков, В.Григорьев, А.О.Васильев, И.А.Батманов, М.В.Вяткин, И.К.Дмитриев, т.б. көрнекті түркітанушы ғалымдардың еңбектерін атауға болады [1,27]. Адамзаттың негізгі қатынас құралы ретінде тіл жазуда таңбамен белгіленетіні анық. Тілдік таңбалардың өзіне тән жан-жақты сапалық ерекшеліктері бар. Әр халықтың артикуляциялық базасына сай дыбыстардың атқаратын қызметіне, ерекшелігі мен күрделілігіне сәйкес бір ұлттың әліпби жүйесі екінші бір ұлттың дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтыны заңды нәрсе. Бірақ та, хатқа түскен кез келген графема өзінің қызметін белгілі бір жүйе арқылы жүзеге асыратыны даусыз. Сондықтан ескерткіштер қолданған араб әліпбиі қаншалықты дәрежеде сол кездегі қолданыста болған тілдің қажетін өтеді және сол кездегі жазба тілдің қандай орфографиялық заңдылықтары бар, қандай орфографиялық принциптерді басшылыққа алды, т.б. мәселелер шешімін табуы қажет етеді. Осыған байланысты сол кезеңде қолданыста болған араб жазуының да түркілік сөздерді, оның ішінде, қазақ сөздерін таңбалауда өзіндік ішкі құрылымы мен жүйесі болуға тиіс.

Қазақ тіліндегі түйінді сөздерді зерттеу әрқашан ғалымдардың назарын аударып келеді. Мұның басты себебі-жер атауларының тарихи жадын, этникалық ерекшелігін, дүниетанымын және адам тілін сақтайтын маңызды мәдени-лингвистикалық ресурс болып табылатындығында. Негізгі терминдерде белгілі бір аймақтың табиғи ерекшеліктері, ежелгі қоныстардың, ұлттық құрылыстардың, тарихи оқиғалар мен мәдени процестердің іздері анықталған. Сонымен қатар, қазақ топонимикасы лингвистикалық дамудың әртүрлі кезеңдерін, басқа тілдермен байланысын, лексикалық қабаттасу техникасын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, кілт сөздерді зерттеу тек тілге ғана емес, сонымен қатар тарихқа, этнографияға және мәдениетке қатысты дискретті мәселе болып саналады. Аймақтық түйінді сөздерді зерттеу белгілі бір аймақтың тарихи, лингвистикалық және мәдени дамуын кеңінен түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми нұсқаулық болып табылады. Аймақтық тұрғыдан этникалық жүйелер, тілаларлық қатынастар, көші-қон қозғалыстары және әлеуметтік өзгерістер анықталады. Адилова Ж.К., Сеитова Ш.Б. «Шығыс қазақ топонимдерінің тарихы мен интеграциясы» атты мақаласында шығыс қазақ топонимикалық жүйесін құрудағы әр түрлі тілдік байланыстардың рөлі қарастырылған. Аймақтың топонимикасын дамытуда негізгі түркі (қазақ) және славян қабаттарының тарихи түрде қалыптасқандығы көрсетілген. Түрік, моңғол және кейінгі орыс археологиясының

топонимикалық жүйеге әсері де қайта қаралуда. Авторлар аймақтық топонимиканың құрылуын көп компонентті жүйе ретінде колледжаралық коммуникациялардың кең спектрі бар біртұтас жүйемен біріктіреді [2].

Г.Ахметованың «Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері» [3] Мақаласында Абай өңіріндегі топонимдердің пайда болу тарихы этимологиялық болып саналады. Абай облысының топонимикалық жүйесінде көптеген этнонимдер, рулық атаулар, тарихи тұлғалардың есімдері, белгілі кейіпкерлердің есімдері анықталып, тарих саласында аймақтың топонимикасы зерттелуде.

XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазулы қазақ жазбаларындағы (хан-би жарлықтары, ресми қатынас қағаздары, жеке тұлғалардың хаттары, т.б. әр түрлі құжаттар) араб таңбасының қолданылу ерекшелігін анықтау. Қазақ қоғамында қолданылған араб жазуын үш жүйеге бөліп зерттегендіктен жұмыста тек қана XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазулы қазақ жазбалары ғана емес, салыстыру барысында қолжазбалар меп кітаптар, алғашқы қазақ газеттері, А. Байтұрсынұлының төте жазуы да қарастырылды. Бірақ негізгі зерттеу нысанымыз XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазулы қазақ жазбалары болғандықтан, олардың мазмұн межесі жан-жақты талданды. Орфографияға қатысты емес деп дау туғызатын талдаулар, негізінен, тұрпат меженің жүйесін ашып көрсету үшін мазмұн меженің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау барысында жүргізіледі.

### **Теориялық талдау**

Тіл - адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. Адамзат тіл арқылы табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстарға атау береді. Ұлттық таным мен ұлт тілінің бірлігі, байланысы осы арада тоғысады. Әрбір ұлт өкілдерінің парасат-пайымы, білім деңгейі, көзқарасы мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы, болмысты тануы, игеруі тілде бейнеледі, тілде сақталады. Ата-бабадан мирасқа қалған ана тілі - адамдар арасындағы қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар көнеден келе жатқан тарихи танымды жеткізуші қызметін де атқарады. Тілсіз рухани мәдениет те биікке жете алмайды, халықтың рухани күші - тілде. Тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес. Өйткені «Өнер алды – тіл». Демек, дүниенің кілті - тілде. Тілдің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы сатылы дамиды. Яғни, ата-баба білігі балаға тіл арқылы дамып, болмыстың қасиеті мен белгілері терең таныла түседі. Тілде ертедегі танымның ізі, ел жасаған парасат пен кісіліктің пайымы жатыр. Тіл - дыбыс таңба жүйесі ғана емес, тілдің сақталуы арқылы халықтың бүкіл ғұмырындағы таным-түсінігі ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Басқаша айтқанда, сөз жүйесі арқылы халықтың ойлау жүйесі, материалдық және рухани мәдениеті жетеді. Ғ. Мүсірепов «Тілін білмеген түбін білмейді дейді». Тіл - ойдың ең басты қаруы. Адам баласының табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тануы тек тіл арқылы ғана жүзеге асады десек, осы ойды жеткізетін таңба-жазу. Жазу - адамның ой-пікірін, хабарын, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі.

Жазудың пайда болуы адамдардың қарым-қатынастағы уақыт пен кеңестік кедергісін жойды. Оның алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Жазу қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған. Өз ойын басқаға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланды. Мысалы, кеткен бағытын көрсету үшін жолға бұтақ тастаған. Кейін осы мақсатпен ағашқа садақтың оғын қадап кеткен. Ойды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарға да пайдаланылған. Кейін мұндай рәміздік зат орнына таңбалар бедерленген бұйымдар қолданылған. Осылайша алғашқы жазу пайда болған. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде саз балшықтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын, т.б. пайдаланған. Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралған. Ол таңбалар тұтас хабарды, не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әр таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы

болады. Таңбаларының мағынасына қарай адамзат тарихындағы жазу төрт түрге бөлінеді:

1) пиктографиялық жазу - жазудың ең көне түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады. Суретін салуға болмайтын абстракт ұғымдарды беру үшін басқа заттардың суреті қолданылған. Мысалы, бақыттылықты, олжаны - тасбақаның, махаббаты-сызықшамен қосылған екі жүректің, достықты - ұстасқан екі қолдың, соғысты садақ оғының суретімен белгіленген;

2) идеографиялық жазу - жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет арқылы немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Онда әр сөздің тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады. Идеографиялық жазудың бір түрі- иероглиф жазу;

3) буын жазуында - сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді;

4) дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі.

Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері - финикия, армей және грек жазулары. Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті - дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен VI-X ғасырларда үлкен аймаққа таралған. Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:

1. Енисей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері.
3. Орхон ескерткіштері.

Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмалар жоқ. Алайда Түркі жазбаларының жазылу мерзімдеріне қарағанда алғашқы Енисей бойынан, Сібірден, Байкал аймағынан Монғолия далаларына, Орхон жеріне, одан Қазақстан мен Қырғызстан, Шыңжаң жеріне қарай біртіндеп таралғанын көрсетеді. Ал жазылу үрдісі, таңбаларының қолданылуы ұқсас, оқылуы біркелкі.

1. Енисей ескерткіштер. Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің батыс сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары V-VII ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей [4,40].

2. Талас ескерткіштері. Бұл аймақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мезгілі бірыңғай VIII ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

3. Орхон ескерткіштері. Монғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мезгілі VII-VIII ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан Құтлығ қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі Чор және Мойын Чор ескерткіштерінің орны ерекше.

Яғни Көне Түркі жазулары 5-8 ғасырлар аралығында Сібір, Монғолия, Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жерінде кеңінен қолданылғаны туралы қорытынды шығаруға болады. Бұл көрсетіліп отырған тарихи мезгіл (5-8 ғасырлар) мен оның таралған үлкен аймағы Ұлы Түркі қағандығы, одан бөлінген Батыс және Шығыс Түркі, Түргеш, Хазар қағандықтары мен Көк Түркілер (Екінші Түркі қағандығы) мемлекеттерінің аумағы мен өмір сүрген дәуіріне сәйкес келеді.

Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан Даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын (1898 жылы бастап). Кейін орыс түркітанушылары аударып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда

Түркі елдерінің ғалымдары - Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде «руна (руникалық) жазулары» деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет "Түрк" және "Теңрі" сөздерінен бастап оқыған екен.

Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған. Сондықтан көптеген зерттеушілер оларды Көркем шығармаларға жатқызады. Жазбаларды Көне Түркілер мен Көк Түркілер дәуіріндегі болған оқиғалар сипатталып, жағрапиялық атаулар, сол кездегі тайпалардың атаулары мен орналасу, таралу аймағы көрінеді. Өкініштісі, Түркі жазба ескерткіштері манихейшіл Ұйғыр қағандығы кезінде аяусыз қиратылған.

Жазбаларда ең алдымен V-VIII ғасыр аралығындағы Ұлы даладағы тарихи оқиғалар көркем тілмен баяндалған, айналып келетін оралымдары мен ішкі ұйқастары, композициялық тұтастығы бар. Сондықтан оның ең алдымен жанрын айқындасақ - жылнама не шежіреден гөрі, бұлар - тарихи дастандар. Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы береді. Жазудың ерекшелігі оңнан солға қарай оқылады және негізінен дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың жуан және жіңішке түрлері бар, олар жеке-жеке бөлек таңбаланады. Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, "баспа әріптері" түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар жебе таңбалар, ай таңбалар және тұмар таңбалар мен көз таңбалар, аша таңбалар, балық таңбалар сосын тарақ таңбалар мен сырға таңбалардан құралады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған деуге болады. Ал әріптік жазуға дейін сурет жазуы қолданылғанын еліміздегі тау-тастардағы түрлі суреттер арқылы дәлелдеушілер бар. Түркі жазуында дауысты, дауыссыз дыбыстардың әрпі болған, кейбір әріптер екі дауыссыз дыбысты белгілеген. Әріптер жуан, жіңішке дыбыстарды ажыратқан. Әріптер белгілі жүйеде қолданылған. Түркі халықтары кейін араб әліпбиін қолданып жазған, бұл жазу мұсылман дінінің таралуымен бірге келген.

Араб жазуы (араб.: اَبْجَدِيَّة عَرَبِيَّةٌ абджәдия арабия) - ежелгі Вавилониядағы (б.з.б. 2000-шы ж.) аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған көне жазулардың бірі. Оңнан солға қарай жазылады. Бас әріптері болмайды. Әріптер бір-біріне қосылып жазылады. Араб жазуында 28 әріп бар. Олардың үшеуі (а, и, у) созылыңқы дауысты дыбыстарды, қалғандары дауыссыз дыбыстарды бейнелейді. Дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне харакаттар (көмекші белгілер) қойылады. Бұл белгілер Құранда, сөздікте, оқу құралдарында міндетті түрде қойылып, ал қалған кездерде қойылмауы мүмкін. Құснихат үлгілерінде Араб жазуының сулс, куфа, сулх, парсы, диуани, насталих, т.б. түрлері пайдаланылады. Араб жазуы қазіргі кезде барлық араб елдерінде, ислам дінін ұстанатын бірқатар мемлекеттерде (Индонезия, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Кавказ елдері және Орта Азия, т.б.) қолданылады. Қазақстанда Араб жазуы ислам діні арқылы 7-9 ғасырлар аралығында таралған. Әл-Фараби, Қ.А. Иассауи, С.Бақырғани т. б. ғұламалар Араб жазуын өздері туып-өскен орталарында үйренгені, сол дәуірлерде арабша оқытатын медреселер болғанын көрсетеді. Араб жазуы алғашқыда «қадым», кейін «төте» жазу үлгілері түрінде

Қазақстанда 1928 ж-ға дейін пайдаланылып келді. Араб жазуын түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы ұзақ уақыт қолданған. Алғаш араб әліпбиіндегі әріптер түгел қолданылған, тек 1926 жылы А.Байтұрсынов оған реформа жасап, ондағы артық әріптерді шығарып тастап, жазуды көп жеңілдеткен. 1926 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға (1940 жылдан бастап) көшті. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде қайтадан латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу үрдісі бел алып келеді [5,40].

Әлем халықтарының басым көпшілігінің жазуы дамудың екінші жолымен өрістеді. Бұл жазудың негізі - фонематикалық фонография. Мұнда тіл дыбыстары таңбаланады. Сөз мағынасын ажыратуда дыбыстар әуенінің маңызы айырықша, яғни сөз мағынасын анықтауда фонеманың мәні зор. Сондықтан жақсы жетілген жазу жүйесінде фонематикалық принцип сақталуы керек. Тіл ғылымында фонемалардың таңбалану жүйесі, ережелері мен заңдылықтарын зерттейтін саласы графемика деп аталады. Ал белгілі бір жазу жүйесі элементтерінің жиынтығы графика деп аталады. Графемика графикалық лингвистика деп те аталады. Демек бұл кең ауқымды күрделі ғылым. Жоғарыда сөз болған палеография, графика, орфография дегендер осы графикалық лингвистиканың саласы болып табылады. Қазіргі заманда белгілі бір тілдің тілдік, фонетикалық ерекшеліктерін барынша толық қамтитын әліпби (алфавит) жоқ.

Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы қадим, жәдид деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына Түркістан уалаяты, Дала уалаяты тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады. Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін қарақаттар атқарған. Қарақаттар үшеу: фатха, дамма, кесра. Бұл белгілер қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген, фатха - а,ә; дамма - ұ, ү, о, ө; кесра - ы, і, е дыбыстарының мәнінде жұмсалып отырған. Мысалы, мен - من (мн) , Ешдәулет - ايشداولت (Ешдәулет), сөзлешүб - سزلهشب (сзлешіб), көңілі - كنگلى (кңлі), бүлдірген - بلدرگان (блдрген). Қадим жазу жүйесінде ұлттық жазуға тән емес, тек араб сөздеріне ғана тән таңбалар (ض, ث, ظ, ذ) қазақ тілінің төл сөздерін жазуда да қолданылған. Қадим жазу жүйесінен жәдид жазуының басты ерекшелігі жазуда дауысты дыбыстардың қарақаттар арқылы емес, таңба арқылы беріліп, дауысты дыбыстар үнемі жазуда хатқа түсіріліп отырғандығында.

Ал Гүлфар Мамырбекова жәдид жазу жүйесінде аз болса да қарақаттардың қолданылғанын көрсетеді: құл және күң - كنگ (1874, №6), күтүб - كتوب, құшақтасыб - قشاقاسب, құрметтеб - قمرمتيب (1874, №10), тұхым - تحم, құдай - خدا (1874, №16), құл - قل (1977, №30). Фатха арқылы белгіленген сөздер: бағасы - بىغاسى (1875, №1), ақраб - اقرب [2, 75]. Мұндай гетерогенді жазба тілді меңгеру көпшіліктің үлесінде емес, тек сол кездегі элиталық топтың ғана оқу құралы болды. Ескі қазақ жазба тілінде дәстүрлі түркі әдеби тіл әсері толық сақталғандықтан, қазіргі кезде кодификацияланған сөздер екіұшты таңбаланған. Сондай-ақ түбірге қосымша қосылғанда, дыбыс үндестігі заңы сақталмай жазылды. Мысалы, мүлкімізні, аулымызны, бізні т.б. яғни жалғау және жұрнақтар ескі қазақ жазба тілінде бір ғана инвариант принципімен алынып, қазіргі кезде көптік мәнде жұмсалатын жалғаулардың (-дар, -тар) варианттары таңбаланбай, қазақ тілінің үндесім заңдылығы үнемі бұзылып отырды [5,72].

Сөз ортасында, соңында ы, і қысаң дауыстылардың орнына ұ, ү таңбаланғанын көреміз: орусұңұзны, келтүр, өткүр, үчүн, қабул, түрлү, жауун т.б. Жәдид, қадим жазу үлгілерінде кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық таңбалар, сонымен қатар халықтық тілден едәуір алшақта болды. Араб жазуындағы осындай үйлесімсіздікті жоюға арналған алғашқы қадам Дала уалаяты, Айқап беттерінде көтеріледі. Қазақ тілі туралы,

әліппе, емле қағидаттары туралы жазушылар - сол кездегі қазақтың оқығандары, мұғалімдер араб әліпбиінің кемшілігі туралы, қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін, оның орнына ұлттық әліпби шығару керектігін маңызды мәселе ретінде көтеріп отырған. Жалпы қазақ жазу тарихында араб графикасын (араб әліпбиін) қабылдауға не себеп болды, қандай ықпал, әсер негізінде араб жазуына бет бұрды, оның халық сауатын ашуда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық таңбалауда кемшілік тудыруының себебі неде деген мәселелерді айқындау үшін, араб графикасына көшуге негізделген түркілік бағыт көрсетіледі. Әзірбайжанда алғаш жазуға байланысты пікір айтқан жазушы, драматург Мирза Фатали Ахундов 1857-1878 жылдарға дейін жазу мәселесіне байланысты төрт жоба ұсынған. Осы мәселемен Тегеранға (Персия) және Константинопольға (Түркия) барып, идеясын ортаға салған болатын. Бірақ қолдау таппай, бұл ұсыныстар ескерусіз қалады. Ол өзінің бірінші және екінші жобасында араб әліппесін жетілдіруге баса көңіл қойса, үшінші, төртінші жобасында араб әліпбиін орыс әліпбиіне ауыстыруға ұсыныс жасайды. Осы еңбегіне орай Ахундов Меджидие атты орденмен марапатталады. Сонымен қатар, Ахундов Тифлис қаласына келіп, силлабикалық жазудың кемшіліктері жөнінде баяндалған жаңа кітап құрастырады. Бұл кітапты автор Тегеран қаласына жібереді. Ешқандай қолдау таппаған бұл жобасын автор атақты визирь Али-Пашеге хат арқылы жолдайды, хатта түрік оқымыстысы Саави-Эфендидің пікірін келтірген.

Ахундовтан кейін бұл мәселемен парсы әдебиеттанушысы Мырза Мелькем-Ханом айналысқан болатын. Мырза Мелькем-Ханомның Шейх және визирь, Основы прогресса атты шығармалары осының нақты дәлелі болып табылады. Автор латын әліпбиіне көшу қажетін әңгіме түрінде өрбітеді: Шейх: Визирь, я заявляю, что с этим бессмысленным алфавитом дальше невозможно жить на свете. Тысячи заседаний, тысячи хороших законов, тысячи школ и любое количество регулярных солдат бесполезны, благодаря именно этому алфавиту [6,2]. Парсы ханзадасы Мырза-Риза-Хан 1879 жылы түркі және парсы халықтары үшін жоба дайындаған (Alphabet Ruchdie).

Мырза-Риза-Хан есімінен кейін Закавказьеңің танымал ағартушысы Ферудин – Бек Косарли 1898 жылы Кавказ газетіндегі (№230,238,264) орыс тілінде жазған мақаласында араб әліпбиінің кемшіліктерін баяндайды. Shardi Rus (Русский Восток) газетінің редакторы Мемед-Ага-Шах-Тахтин әліпбиді ауыстыруда, ең бірінші үгіт-насихат жұмыстарын арнайы бағдарлама бойынша жүргізу керек деп тұжырымдайды. XIX ғасырдың 70-жылдары түрік оқымысты Гази-Мұхтар-Паша Константинопольде Әліпби реформалау қоғамын құрады. Бірақ бұл ісі аяқсыз қалады. Бұл кезеңде қазақ қоғамында да әліпби мәселесі қызу талқыға түсіп жатқан болатын. Қазақтың орысша оқығандарының арасынан да араб жазуының кемшілік жақтарын сынап, қазақ жазуын орыс графикасына икемдеу жайында пікір айтып, өз тұжырымдарын негіздеп мақала жазушылар көптеп шыға бастады. Міне, осындай пікір ағымдарын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланып қалғысы келген орыс миссионерлері де араб жазуы үлгісіндегі қазақ әліпби жүйесіне орыс графикасын енгізуді насихаттай бастайды. Расында да, жазылу графикасы да қиын, оқылу жолдары да (оңнан солға) қиын болып келетін әрі қазақтың дауысты дыбыстарын таңбалауға лайықталмаған, қазақ фонемаларын толық таңбалай алмайтын араб әліпбиінің қазақ тілін одан әрі өркендеп, дамытуға еш мүмкіндігі болмағандықтан, өзінен өзі басқа графикаға ауысуға сұранып тұрды.

Қазақ қоғамында және түркі тілдес халықтарында болып жатқан әртүрлі көзқарасты байқаған орыс миссионерлері бүкіл түркі жұртының мәдени, рухани құндылықтарын жою үшін, сонымен бірге тілдік болмысын құрту үшін саяси астармен араб жазуы қолайсыз, қазақ және басқа түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін беруге икемсіз деген желеумен орыс графикасына негізделген қазақ әліпбилерін және оқулықтарын шығара бастайды. Олар орыс жазуына көшуді насихаттауды орысша оқыған қазақ жастары арқылы жүргізуді көздеді. Н.И.Ильминский түркі тілдес халықтардың кітаптары араб әрпімен жазылса, бұл келешекте

орыс жазуының үстемдік алуына кедергі жасайды деген миссионерлік оймен алғаш қазақ әліпбиін орыс графикасына негіздеп, жоба да ұсынады. Дауысты дыбыстарға 8 әріп арнайды: а (ä), é (e); ы, і; о, ö; у, ү, ал дауыссыз дыбыстарға 19 әріп: п, б, м, w, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j, k, í, нь. Н.И. Ильминский қазақ тілінің дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын алмайды. Ол жөнінде былай дейді: кроме приспособления русских букв к татарским звукам, мне пришлось постепенно изменять и устанавливать орфографию. В первом издании букваря я писал су - вода, ауль - деревня, аю - медведь. Теперь мы пишем сыу, ауыл, айыу. Ильминскийдің бұл жобасына В.В. Григорьев қарсы шығып, өзінің О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки деп аталатын мақаласында орыс әліпбиіндегі таңбалар өзгермеуі тиіс деп көрсетеді [7,82].

Сол кезеңдегі әліпби мәселесін қозғаған жиындарда түркі тілдес халықтар тіліндегі төл дыбыстарды бейнелейтін қосымша әріптер жөнінде айтыс-тартыстар да болады. 1976 жылы 29 сәуірде Қазан университетінің жанындағы археология, тарих, этнография қоғамының мәжілісінде орыс әліпбиі араб әліпбиіне қарағанда осы күйінде де қазақ тіліне жарайды деп шешілген болатын. 1897 жылы В.В.Катаринскийдің Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис (Орынбор, 1897) атты еңбегі жарыққа шығады. Ғалым қазақ тілінде 9 дауысты және 15 дауыссыз бар деп көрсете отырып, 21 әріптен тұратын мынадай әліпбиін жариялайды: а (a), е, ы, и, о (o), у, б, г, д, ж, з, к, л, м, н, г, п, р, с, т, ш[8,102]. Үкімет тарапынан қазақ әліпбиін ғана емес, сол кезеңдері Ресей отары болып отырған барша түркі тілдес халықтардың жазуын өзгерту арқылы өз ықпалын күшейтуге тырысқан астыртын әрекеттер нәтижесі аяқсыз қалған жоқ. 1906 жылдың 31 наурызында Ресей патшалығының өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заң да шығарып қойғанын тарихи деректерден көреміз. Жоспарланған саясаттың астарын білдірмеу үшін 1910 жылы маусымда Петербург қаласында өткен кеңесте "орыс жазуы тек ресми құжаттар мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын", деген қаулы қабылданған болатын[9,82].

### Қорытынды

Жалпы қазақ жазу тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептерін талдап, салыстыра баға беру нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға тура келеді. Әліпби реформасына байланысты бұл кезде екі түрлі көзқарас болды. Бірінші топ — қазақ тілінің дыбыс жүйесін беруде араб жазуының мүлде жарамсыздығын дәлелдеп, оны басқа әліпбимен ауыстыруға шақырса, екінші топтағылар араб әліпбиін ғасырлар бойы пайдаланып отырғандықтан, рухани мұрамыздан қол үзбеу үшін әліпбиді түбегейлі реформалауға қарсы тұрып, тек қана өзгерістер енгізумен шектелу керектігін қолдайды.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Бекмұхамедов.Е.Б Қазақ тіліндегі араб парсы сөздері түсіндірме сөздік. Алматы. Қазақстан. 1977. 198 б.
2. Адилова Ж.К., Сеитова Ш.Б. Шығыс қазақ топонимдерінің тарихы мен тілдік ықпалдастығы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2024. Т.146, №1. 8-21 б.
3. Ахметова Г. Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2022. Т. 138, № 1. 71-78 б.
4. Құрышжанов Ә., Айдаров Ғ., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971, 230 б.
5. Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. Дисс...зерттеу жұмысы. Астана., 2018 160 б.
6. Бердібаев Р. Ахмет Ясауи және оның дәуірі. // «Егемен Қазақстан». 20 қазан, 1990

7. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюрских текстов X-XIII вв.из Восточного Туркестана. Москва – Ленинград. 1961
8. Ысқақова А. Қазіргі қазақ тілі.Морфология. Алматы. 2014 250 б.
9. Нәжіп Ә. Терен тамырлар. «Жалын» журналы 1972. №4, 154 б.

#### Referens list:

1. Bekmukhamedov E.B. Kazakh tilindegi arab parsi sozderi tusindirme sozdik. Almati. Kazakhstan. 1977. 198 b.
2. Adilova J.K., Seitova Sh.B. Shigis kazakh toponimderinin tarikhi men tildik ikpaldastigi // L.N. Gumilev atindagi Euraziya ulttik universitetinin Khabarshisi. Filologiya seriyasi. 2024. T. 146, №1. 8-21 v.
3. Akhmetova G. Abay oniri toponimderinin etimologiyalik erekshelikteri. L.N. Gumilev atindagi Euraziya ulttik universitetinin Khabarshisi. Filologiya seriyasi. 2022. T.138, №1. 71-78 b.
4. Khurishanov A., Aydarov G., Tomanov M. Kone turki jazba eskertkishterinin tili. Almati, 1971, 230 b.
5. Tazhikova K. Kh. Islam: dunietanim, ideologiya, sayasat. Diss...zertteu zhumisi. Astana7 2018. 160 b.
6. Berdibaev R. Akhmet Yasauj jane onin dauiri. // «Egemen Kazakhstan». 20 kazan, 1990
7. Sherbak A.M. Grammatisheskiy osherk yazika tyurskikh tekstov X-XIII vv.iz Vostoshnogo Turkestana. Moskva - Leningrad. 1961
8. Iskakova A. Kazirgi Kazakh tili.Morfologiya. Almaty. 2014. 250 b.
9. Nazhip A. Teren tamirlar. «Zhalin»zhurnal 1972. №4, 154-b.

*жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы)* Ағабеков Олжас Мұсабекұлы – 8D02310-Филология білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Шымкент, Қазақстан. 8-778-266-0293, [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)